

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1532 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы N 38 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2753. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 151 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сақтандыру рыногындағы актуарлық қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ережені бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 120 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1532 тіркелген, 2001 жылғы 18 маусым - 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми баспасөз басылымдарында - "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған, N 13 (210)) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауындағы "сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздер "актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын

уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 2-тармақтардағы "сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздер "актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу және сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы е р е ж е н і ң :

атауындағы "сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздер "актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "сондай-ақ сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері" деген сөздер "сондай-ақ актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"міндетті - есепті жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша бірінші жарты жылдықта, сондай-ақ Заң талаптарын ескере отырып және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге жағдайларда есепті жылда жүзеге асырылатын;"

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметіне актуарийлік бағалауды өткізу нәтижелері бойынша жасалған актуарийлік қорытындыда:

актуарийлік есеп айырысуларды модельдеу мен жүзеге асыру әдістемесінің, принциптерінің сипаттамасы;

актуарийлік есеп айырысуларда қолданылған статистикалық және өзге де деректер;

қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын есепке алу

есепті кезеңде жарияланған шығындарды есепке алу журналының көшірмесі;
қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру резервтерін есептеген кезде қолданылатын, оның ішінде сақтандырудың ерікті және міндетті нысандары бойынша жеке есепті кезеңде жарияланған шығындардың жалпы мөлшері;
сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қосымша тәуекелдің болуы немесе болмауы туралы қорытынды. Қосымша тәуекел болған жағдайда қажетті қосымша резервтердің мөлшерін көрсету қажет;
өмірді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеген кезде қолданылатын өлім-жітім кестесі (қалыптасу көзі, құру әдістемесі)
ж ө н і н д е г і қ о р ы т ы н д ы ;

тартылған мамандар тарапынан актуарий алған көмектің сипаты; актуарийдің қарауы бойынша актуарийлік қорытындыға енгізілуге жататын өзге де материалдар болуы тиіс.";

1 9 - т а р м а қ т ы ң :

7) т а р м а қ ш а с ы н д а ғ ы :

"куәландыратын құжаттың көшірмесі" деген сөздер "куәландыратын құжаттардың көшірмелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ең төменгі міндетті бағдарлама бойынша оқуға қатысқанын және тиісті емтиханды" деген сөздер "актуарийлерді оқытудың ең төменгі міндетті бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - ең төменгі бағдарлама) оқуға қатысқанын және тиісті емтихандарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-тармақ алынып тасталсын;

37-тармақтағы "Заңнаманы бұзу және лицензияның қолданылуын тоқтату үшін негіз болған өзге де жағдайлар жойылғаннан кейін актуарий" деген сөздерден кейін "заңдардың бұзылуын немесе лицензияның қолданылуын тоқтата тұру үшін негіз болып табылған өзге талаптарды жою фактісін растайтын құжаттарды қажет болғанда қоса бере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

38-тармақтағы "сақтандыруды қадағалау" деген сөздер "сақтандыру қызметіне қадағалауды жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 42-1 тармағымен толықтырылсын:

"42-1. Біліктілік комиссиясының мәжілісіне оның құрамына кірмейтін, актуарийлік қызмет саласында тиісті білімдері мен дағдылары бар тұлғалар консультанттар ретінде шақырылуы мүмкін.";

43-тармақта "кандидаттың" деген сөзден кейін ", сондай-ақ актуарий осы Ережеде көзделген тәртіппен әр екі жыл сайын өткізілетін біліктілік емтиханын тапсырған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

44 және 45-тармақтар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 тарауымен толықтырылсын:

"5-1. Біліктілік емтиханы

45-1. Актуарий лицензия берілген күннен бастап әр екі жыл сайын осы Ереженің 5-қосымшасына сай ең төменгі бағдарламаға сәйкес қажетті білім деңгейі мен біліктілігінің бар екенін растайтын біліктілік емтиханын тапсырады.

Біліктілік емтиханына тестілеуден өту және Біліктілік комиссиясымен әңгімелесу жатады.

45-2. Актуарий лицензияны алған не бұрынғы біліктілік емтиханынан өткен сәттен бастап екі жылдық мерзім аяқталғаннан кейін екі ай ішінде уәкілетті мемлекеттік органға осы Ереженің 7-қосымшасына сай нысан бойынша өтінішпен хабарласады.

Актуарийдің өтінішіне мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның көшірмесі;
- 3) бұрынғы біліктілік емтиханының тапсырылғаны туралы мәліметтер;
- 4) барлық растайтын құжаттармен қоса (қызмет көрсету шарттарының көшірмелері, актуарийлік қорытындылардың көшірмелері) сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі ақпарат.

Актуарий көрсетілген мерзім ішінде хабарласпаған жағдайда актуарий біліктілік емтиханын тапсырмаған деп саналады.

45-3. Біліктілік емтиханын өткізу сәтіне лицензияның қолданылуы тоқтата тұрылған актуарийге, актуарий лицензиясының қолданылуы актуарийдің бұрынғы біліктілік емтиханын тапсырмауы нәтижесінде тоқтата тұрылған жағдайды қоспағанда, біліктілік емтиханынан өтуге рұқсат берілмейді.

45-4. Тестілеу компьютерлік және/немесе жазбаша сұрау салу нысанында, актуарий өтініш келіп түскен сәттен бастан жиырма күннен кешіктірмей тест сұрақтарына беріліп отырған жауаптың біреуін таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Тест сұрақтары жауаптардың бес нұсқасынан кем болмауы тиіс әрі олардың біреуі дұрыс болып табылады.

45-5. Актуарийді тестілеу осы Ереженің 5-қосымшасына сай актуарийлерді оқытудың ең төменгі бағдарламасында көзделген тақырыптар бойынша өткізіледі.

45-6. Актуарий осы Ереженің 19-тармағы 7)-тармақшасының екінші абзацында көрсетілген ұйымдарда тестілеуден өте алады. Мұндайда, актуарий уәкілетті мемлекеттік органға тестілеу қорытындылары көрсетілген, аталған орган берген тестілеуден өтуін куәландыратын құжатты ұсынады.

45-7. Егер актуарий тестілеу қорытындысы бойынша тест сұрақтарына дұрыс жауаптардың кемінде алпыс және одан астам процентін жинаса, оған Біліктілік комиссиясының мәжілісіне әңгімелесуден өту үшін жол беріледі.

Өткізілген әңгімелесу және тестілеу қорытындысы бойынша Біліктілік комиссиясы актуарийдің біліктілік емтиханын тапсырғаны немесе тапсырмағаны туралы шешім қабылдайды.

45-8. Актуарий біліктілік емтиханын тапсырмаған жағдайда ол біліктілік емтиханынан өту үшін бұрынғы біліктілік емтиханынан өткен күннен бастап кемінде үш айдан кейін, бірақ бір күнтізбелік жыл ішінде үш реттен астам емес құжаттарды қайта ұсынады.

45-9. Актуарий біліктілік емтиханын қайта тапсырмаған жағдайда (күнтізбелік жыл ішінде қатарынан екі рет) лицензиясының қолданылуы актуарийдің біліктілік емтиханын сәтті тапсырғанын растайтын құжат тапсырылғанға дейінгі мерзімге тоқтатылады. "

Ереженің 1-6 қосымшаларындағы "сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздер "актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы және қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің 5-қосымшасындағы:

Атауындағы "ең төменгі" деген сөзден кейін "міндетті" деген сөзбен толықтырылсын;

"біліктілік" деген сөз алынып тасталсын;

"2003 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздер "2004 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

"2004 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздер "2006 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің 6-қосымшасындағы:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі - сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-қосымшамен толықтырылсын:

"Сақтандыру рыногында актуарийлік қызметті жүзеге асыру, актуарийлерге

лицензия беру, қолданылуын тоқтату және қайтарып алу, актуарийлердің біліктілік емтиханын тапсыру тәртібі туралы және қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереженің

7-қосымшасы

ӨТІНІШ

Мен, _____

(өтініш берушінің аты-жөні, аты)

біліктілік емтиханынан өтуге жіберуіңізді сұраймын.

Мен өтінішке қоса беріліп отырған құжаттар мен мәліметтердің шынайылығына толық жауап беремін, сондай-ақ сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға өтінішті қарауға байланысты сұратылып отырған қосымша ақпарат пен құжаттарды уақтылы беруге міндеттенемін.

Қосымша: (жіберілетін құжаттардың атауы бар тізбесі, олардың әрқайсысының данасы мен саны көрсетілсін).

_____ (қолы)

_____ (күні)".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қ о л д а н ы с қ а е н е д і .

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық баспасөз құралдарында жариялануына шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Қ.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ